



Бұдан тура жоларма бес жылдай бұрын қазіргі кала Арқалық шабарында тұрдым. Торғай облыстық радиосында журналистік қызметті атқарған жылдары елге етене

сеңгі, саз әлемін қазақ аспаптарының күні сырларын жүйелеп жеткізетін жанның нақ өзі. Журналистік жоба, өз мақсат мүдде бойынша радио эфир арқылы танымал таланттардың бейнесін көркемдеуге бел бұтамын. Ғалымжолан сәті түскен сағатта студияға шақырдым. Режиссер Бахыт Бұхарбаева техника тігінінде. Екі қолында дамыл жоқ дыбыс операторы Бадиша Әлмағанбетова да қауырты қымыл үстінде. Алғашқы жылдары қазақтың көне аспаптарынан құрылған «Шерттер» ансамбліне баяншы бо-

таспаларда, жүректің төрінде мәңгілікке сақталған. Кейде бейне көріністер арқылы тамашалауға да болады. Ғалымжолан әндерін үн таспаға жазу барысында өзінің жан жақты екенін әбден дәлелдеді. Саз аспаптарының біразына тіл бітірді. Қазақ қоныр даусымен халықтық шығармаларды нәшіне келтіріп айтып берді. Сазгерлік қарын да көрсетіп үлгерді. Өзінің жүрек түкірінінен тулап шыққан «Арқалық», «Ана», «Анашым», «Аға сөзі» деп аталатын әндерін шалқар шабытпен орындап бергенде

арты сағаттай хабар әзірленіп, радио эфирден сан мәрте қайталанып беріліп, тыңдаушылар ітпаатына бөленді. Кейін де өнерпаздың шығармашылық жетістігіне қос құлағымды түріп жүрдім. Өзінің пәленбай жылғы еңбегінің нақтылы жемісін көрсендей Қазақстан Республикасына Еңбек Сіңірген әртіс атағын иеленген талант несі соңғы жылдары Астана қаласында гүмбар кешті. Сол жақта көз жұмды. Бір отбасында екі өнерпаздың болуы жәні ұшыраса бермейтін дерек. Ерлі зай-



Сазға ғашық жүрек

жақын өнерпаздар тобының біразымен танысып, сұхбаттасып, шүйіркелесе сөйлесудің сәті түсті. Ғалымжолан Құрмановты ең әуелі сахна төрінен көріп, кейіннен барып жолықтық. Өмірбаяндық деректерімен жете танысқанда аңғарғаным ынта ықпалы күшейіп Қостанай қаласынан баяншылар курсына тәмамдаты. Алматы қаласындағы Чайковский атындағы саз колледжінің дирижер, хор, Арқалық педагогика институты физика математика факультетін бітіріп, Амангелді, Родник мектептерінде ән пәнінен дәріс – берітті. Арасында әскерге барып, азаматтық борышын өтетті. Киелі Торғай, Амангелді аймағында Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны бірінші бітіріп, жоғары білім дипломын иеленген Төкен Елтебаев өнер жолындағы ұлағаты ұстазы көрінеді. Ағ жақты, қыр мұрынды, талдырмаш жігіт сөзге

лып жұмысқа тұрып, артынан кәсіби шеберлігі ескеріліп осы өнер ұжымының көркемдік жетекшісі дәрежесіне көтерілген Ғалымжолан әндерді үн таспаға жазуға тынақты әзірленген екен. Біресе баянды безілдетіп, біресе домбырадан әсем әуен төгіп, біресе үскіріктен шыққан шынайы әуенді радио тыңдаушыларға үлбіретіп жеткізуге тырысып бақты. Әсіресе ұлттық рухани бұлақтан нәрленген термелердің мәгіндері тереңнен терген маржандай, ал мақамдары ықпалым заманынан бері жүрекке жақын ырғақтар. Саз тарихқа бет бұрсақ, Тараз қаласында үш жігіт үш домбырамен ән салып, тамсандырып, таң қалдырып табиғи таланттарынан паш еткенін кім ұмыттар. Іле шала «Шерттер» ансамблінің өнерпаздар Сайлау Ордабаев, Ғалымжолан Құрманов, Қыпшақ Қойғановтардың «Гүлдерайым» әнін оңды орындағанын естігенім бар. Құрманов студияда шарықтата ән шырқап отырғанда осы көрініс көз алдыма еріксіз елестеді. Қайран дүние-ай десеңізші. Өлгі әнші азаматтардың үшеуі де мәңгілік сапарға аттанып, бақи-

(Белгілі әнші, сазгер Қ. Құрманов туралы сөз)

айнала гүл жайнап кеткендей әсер құшағында тербелдік. Ақын ретінде менің де Ғалымжоланмен шығармашылық байланысым болды. Екеуіміз бірлесіп «Ардагерлер» және «Алтын дәп» әнін дүниеге әкелдік. Бірінші әнді өзі студия ішінде баянмен орындады. Екінші әнді талантты әнші Сайлау Ордабаев ұзақ жылдар бойы концерттік репертуарына енгізгенін тыңдаушы қауым жақсы біледі. Не керек сол жолы «Шерттер» ансамблі құрамында Қазақстан түгіл, Жапония, Филиппин, Вьетнам, Корея,

ытты Ғалымжолан мен Дарига «Шерттер» ансамблінің бірге қызмет етті. Естуіміше жұбайы бұл ұжымға 1978 жылы келітті. Бұл өнеріне мектеп жасынан бейімделген. Сегізінші сыныпта оқып жүргенінде Еркін Жүсіпов басқаратын би үйірмесінің белсенді мүшесі болған. Дарига «Шерттер» ансамбліне келе сала сахна төрінде дөңгелене, май гүлдей майысып, «Асатаяқ», «Шашу», «Өрнек» билерін көрермен назарына ұсынды. Құрманов жайлы сөз қозғаған сәтте тағы бір оқиға ойға оралып отыр. Ғалымжолан

қызы Жұлдыз «Біші болам өскенде» әнін орындап беріп, көңілді көкке көтергенін еш ұмытпаспын. Кешегі балғын, бүгінгі ару бой жетті. Қарағанды қаласында тұрады. Әке жолымен өнер жолында жемісті еңбек етіп жүр. Қостанайда әнші, сазгер Қалибек Деріпсалдин деген інім бар. Өз шығармашылығы шығаруға қарай өрлеп барады. Төмен түсе көрмесін. Ешкімге енжар, қызғанышпен қарамайды. Әріптестерін мадақтап, мақтап, насихаттап жүруге ынталы. Ол жуырда маған жолығып: – Ғалымжолан Құрманов туралы кітап шығарғалы жатырмыз. Шығармашылық байланысыңыз болғанын жақсы білемін. Естелік жазып берсеңіз деген өтінішін қуана қабылдадым Ғалымжолан Құрманов дүниеден озса да оның шаңырағы шайқалып, құлаған жоқ. Жұбайы Дарига қатардан қалмай қызмет істеп, әрі ана, әрі әке ретінде ауыр жүкті ығымен қайыспай көтеріп келе жатыр. Бала-

балалы-шағалы. Әуенді зорайтып ән сала білу, саз жату құдіретті құдай сыйлаған сый емес пе? Егер туындыларыңды жұрт жадында сақтай білсе және бақыт. Сазға ғашық Ғалымжолан Құрманов өнерпазға тән сый-сыяпат, құрмет, марапаттың біразын иеленген жайсаң жан. Әнді жақсы көретін, қазақтың ұлттық аспаптарына ыстық ықыласпен қарайтын жұртшылық оны ешқашан ұмытпайды. Гибратты, ғажайып әндері, сырлы саздары арқылы Ғалымжолан әлі сан мәрте қауыша беретінімізге қаміл сенемін. Ылайым солай болғай.

Нағашыбай МҰҚАТОВ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.